



**No76
(20350)**



24 мамыр, сейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz



t.me/syrboyi_kz

**СТРАТЕГИЯЛЫҚ
СЕРІКТЕСТІКТІ
ДАМУ
МӘСЕЛЕСІ
ҚАРАСТЫРЫЛАДЫ**

БІЛІМ СЫНАҒЫ БАСТАЛАДЫ

S_b Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Биыл облыс бойынша 292 оқушы «Алтын белгіге» үміткер. Оның 99-ы – Қызылорда асы мен облыстық мектептерден болса, қалған 193-і – аудан мектептерінің түлектері. «Алтын белгіге» үміткер оқушылардың Назар-Визиткерлік мектебі базасында «Алгебра және анализ бастамалары» пәнінен тапсыратын емлекеттік емтиханы келесі, яғни, 2022-2023 жылғына ауыстырылды. Бұл орайда былтыр бітірушілер емтиханды өз мектебінде тапсырды.

«АЛТЫН БЕЛГІ»: АЛМАҚТЫҢ САЛМАҒЫ ҚАНДАЙ?

Sb Гүлбану МАҚАЖАН,
«Сыр бойы»

Биыл мектеп бітірушілер емтиханды өз мектебінде тапсырады. Сондай-ақ белгіден бас тарту туралы өтініштер жарамсыз. Талаптарға сай келетін үміткерлер белгіленген тәртіпте



Бұл — ҰБТ кезеңінде ауыр жағдай. Өйткені құрдастарының бар болғаны бір немесе бірнеше ұялы артық жинауы, 11 жыл бойы сабақты «нашар» деген бағаға оқып келген сыныптастарының «жақсы» деген баға алуы, жоғары ұялы жинап қалуы мүмкін. «Алтын белгі» алуға үміткер болып отырған өзінің төмен ұялы жинап қалғаны — оған ең ауыр психологиялық дағдарыс. Мұндай сәтте көбіне ол бұндай кезде сыныптастарынан бас тартады. Олармен араласқисы келмей қалады, — дейді психолог Жұмағұл Тасболатқызы.

2-бет

Мейірімділік – асыл қасиет

Sb Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»

Расында, терезенің жақтауынан ешбір құралсыз ұстап тұрып, адам

Еске сала кетейік, осы жағдайдан кейін әлеуметтік желіде видео тарап, барша халық Сәбит Шонтақбаевтың ерлігіне тәнті болды. ҚР Төтенше жағдайлар бірінші вице-министрі Ибрагим Құлшімбаев азаматты

Сыр еліне келген Сәбитті отбасы, туған-туыстары қарсы алды. Барлығы да ержүрек азаматты құрмет тұтып, естелік суретке түсті.

Жәрдемақы мен зейнетақы: Төлемде не өзгеріс бар?

Өлөмдөгү геосаяси жагдай
елдің әлеуметтік-экономикалык
жагдайына да әсер етуде. Бул ретте
мемлекет тарапынан жасалып
жаткан колдаулар аз емес. Жыл басынан
бастап әлеуметтік колдауды
күшейтуде қосымша 185 млрд
тенге бөлінді. Аталған төлемдерді
еліміздің 4,2 млн азаматы тасма, оның
ішінде 2,3 миллионы – зейнеткер,
1,2 млн-ы балалы отбасы, 700 мыңға
жуығы – мүгедектігі бар адамдар
және басқа санаттағылар. Быылға
зейнетақы төлеміне 3064 млрд тенге
карастырылған. Республикалык
бюджеттен 2960 млрд тенге, бұл
ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігінің барлык шы-
ғыстарының 67%-ын құрайды.
Олар ынтымақтаы зейнетақы және
базалык зейнетақы төлемдерін тө-
леуге бағытталған. БЖЗҚ-дан 104
млрд тенге жасына байланысты

орташа жиынтық зейнетақы мөлшері (ынтымақты + базалық) 1 сәуірге дейін 105337 теңге, 1 сәуірден бастап 109346 теңге болды. Жинақталған зейнетақыны қоса



алганда, орташа жиынтық зейнетақы мөлшері (ынтымақты + базалық+ жинақталған) 1 сәуірге дейін 133337 теңге, 1 сәуірден бастап 138616 теңге болды.

Мүгедектігі бар адамдарды және асыраушысыннан айырылған отбасылардан әлеуметтік қолдауға 370 млрд теңге карастылынган. Республикалық бюджеттен мүгедектігі бойынша жәрдемкағыа 342 млрд теңге, мемлекеттік әлеуметтік сактандыру қорынан еңбекке қабілеттілігін жоғалтуына байланысты әлеуметтік төлемге 28 млрд теңге бөлінді. Асыраушысыннан айырылған отбасыларға 111 млрд теңге карастырылған, оның ішінде: бюджеттен 92 млрд теңге, МӘСК-дан 19 млрд теңге. Бюджеттен төлем алушылар үшін жәрдемкақтың орташа мөлшері сәуірге дейін 43957 теңге. 1 сәуірден бастап 45627 теңге МӘСК-дан төленетін төлемді қоса есептегенде асыраушысыннан айырлуға байланысты төлемнің жинақталған мөлшері 1 сәуірге дейін 73588 теңге, 1 сәуірден бастап 76443 теңге болып өзгерді.

2-бет

Жаңа инфекция қауіпті ме?

Оның алдында 5 адамнан ауру анықталған болатын. Оның 3-і Алматы қаласында тіркелсе, 2-і Шымкент қаласында нақтыланды.

Sb Айну́р БАТТА́ЛОВА,
«Сыр бойы»

Коронавирусты жемдік пе дегенде, әлемде жаңа инфекция пайда болды. ДДҰ мәліметі бойынша, қазір маймылшешек деп аталатын індет әлемнің 15 шақты елінде анықталып, аурудың 92 жағдайы расталды. Тағы 28 адам карантин аймағында.

Негізгі маймылшешек ауруы Орталық және Батыс Африканың шалғай аудандарында жиі кездеседі. Дейтұрғанмен, бұл дерт өркениетті елдерге де таралуда. Маймылшешек дерті бұрыннан бар. Бұрын ол адам өміріне аса қауіп тудырмайтын, алайда медицина ғалымдары «казіргі вирустың қалпы өзгеше» деп алаңдана отыр.

2-бет



БАСПАСӨЗ – 2022

Құрметті оқырман

2022 жылдың екінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде.

**«Сыр бойы» газетіне
жазылу бағасы:**
жекелер үшін:
6 айға – 3500 теңге.
Мекемелер үшін:
6 айға – 4500 теңге.



Эрбір жобаның тиімділігі ескеріледі

Кеше облыс әкімі жанындағы кенесте Сырдария ауданында құрылыс саласы бойынша ұсынылған жобалар талқыланды. Жнында облыс әкімінің орынбасары Мархабат Жайымбетов жүргізіп отырды.

Әділжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»

— Облыс әкімі жанындағы кенесте өңіріміздегі маңызды жобалар таразыланады. Негізгі міндет — әлеуметтік сала, жылу-энергетика, газдандыру, сумен жабдықтау объектілерін, автомобиль жолдарын салу, қайта жаңғырту мен жөндеудің орындылығы мен кезектілігі мәселелерін қарау. Сондай-ақ, кенес отырысында жобаланған нысандардың қуаттылығы, бөліне-

тін жер учаскесі, техникалық шарттарды айқындау, жобаларды оңтайландыру және түзету назарға алынады, — деді облыс әкімінің орынбасары.

Оның айтуынша, қазір облыс бойынша дайын 205 жоба бар. Оларды іске асыруға 132 млрд теңге қажет. Жалпы, жобаны іске асыру мерзімі жоба-сметалық құжаттама бекітілген сәттен бастап

3 жылдан аспауы тиіс. Сондықтан аталған жобаларды іске асыру мәселесі проблемалы бола бастайды.

Аудан әкімі Мұрат Ерғешбаев Сырдария ауданы бойынша кенеске ұсынылған 57 жоба жөнінде баянда берді. Олардың қатарында көпәтерлі тұрғын үй, мектеп құрылысы, жаяу жүргіншілерге арналған жол, бірқатар елді мекендерді электрмен жабдықтау және жарықтандыру, газ құбырын жеткізу, денсаулық сақтау саласы нысандарындағы күрделі жөндеу жобалары бар.

Отырыста аудан орталығы — Тереңөзек кентіндегі 250 балаға арналған мектеп құрылысының жобасы кеңінен талқыға түсті.

Аталған жобаның сметалық құны 1,4 млрд теңгеден асады. Сондай-ақ, Сырдария аудандық спорт клубы ғимаратын күрделі жөндеу жобасы жөнінде көп ұсыныс-пікір айтылды. Облыс әкімінің орынбасары мектеп құрылысының жобасы қымбатқа түсіп тұрғанын айтып өтті. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізде салынған білім ордаларының құрылысы одан біршама арзанға түскен. Ал ұзақ жылдан бері пайдаланып келе жатқан спорт клубы ғимаратын күрделі жөндеуден гөрі, түрлі қаржы көзі арқылы жаңасын салу қолайлы екені көрініп тұр.

Өзге де жобалар бойынша ұсыныс-пікірлер айтылды. Басқарма басшылары, сәулет-

шілер, жобалаушы мамандар тарапынан нақты жауаптар берілді.

— Кенес отырысында әрбір жоба бойынша кеңінен талқылап, ақылдасу арқылы олардың тиімділігін бағалауға көңіл бөлінеді. Рас, әрбір жобаның елдің тыныс-тіршілігінде маңызы зор. Оларды жүзеге асыруда қандай жолы бар? Мәселен, аталған ғимараттарды салу үшін мемлекеттік-жекешелік әріптестік бойынша жұмыс жүргізілуі тиіс шығар. Алдағы уақытта Қызылорда қаласы мен облыстың барлық ауданы бойынша жобаларды жан-жақты іріктеуден өткізетін боламыз, — деді Мархабат Жайымбетов кенес отырысынан кейін журналистерге берген қысқаша сұхбатында.

ЖАҢА ИНФЕКЦИЯ ҚАУІПТІ МЕ?

Оксфорд университетінің Пандемия ғылымдары институтының директоры, профессор Питер Хорби: «Біз мүлдем жаңа жағдайда тұрмыз, бұл вирус бізді таңғалдырып отыр. Тез арада қажетті шара қолданбасақ, өте қауіпті» дейді. Маймылшешекпен ауыратын науқастарды емдеген доктор Хью Адлер де «Бұл біз бұрын көрген маймылшешек емес», деп әріптесінің сөзін растады. Еуропаның денсаулық сақтау ұйымдары дерттің Ұлыбритания, Испания, Португалия, Германия, Бельгия, Франция, Нидерланд, Италия және Швецияда тіркелгенін мәлімдеді. Ұлыбританияда алғашқы жағдай осы жылдың 7 мамырында тіркелген еді. Ұлыбританияның денсаулық сақтау министрі Саджид Джавид қазірде 20 жағдай анықталғанын хабарлады. Осы елдің билігі елді шешек ауруына қарсы вакцинамен қамтып жатыр. Екіне маймылшешек инфекциясының «жоғары деңгейі» бар адамдарға егіле бастаған. Сонымен қатар жергілікті El País газеті Испанияның денсаулық сақтау органдары індетпен күресу үшін мұндаған екіне сатып алғанын жазды. Ал Виктория денсаулық сақтау департаменті Аустралиядағы алғашқы жағдай Ұлыбританияға барғаннан кейін ауырып қалған ер адамда болғанын мәлімдеді.

індетімен салыстыруға болмайды. Маймылшешек ауруы жаңа вирус емес, бұрыннан белгілі. Біз оның емдеу әдістерін білеміз, шешекке қарсы вакцина бар. Бұл негізінен жеңіл ауру, бірақ ол балалар, жүкті әйелдер мен иммунды жүйесі әлсіз адамдар үшін қауіпті болуы мүмкін, — деді Д.Уитворт.

Алайда, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Еуропадағы аймақтық директоры Ханс Клогер: «Жазғы маусым қашанда қауіпті. Әсіресе жаппай жиналыс, фестиваль, түрлі кештер кезінде вирусты жұқтыру деңгейі жоғары. Әл бермей кетуі мүмкін», деп ескертеді. Ал Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы тағы да жаңа 50 жағдай тіркелуі мүмкін екенін мәлімдеді.

Маймылшешек дертінің тарихына көз жүгіртсе болсақ, вирус алғаш рет маймылдан табылған. 1970 жылдан бері Африканың 10 елінде індет тұрақты тіркеліп келеді. Аса қауіпті дерт қатарына жатпаса да, Оңтүстік Африка елдеріндегі өлім көрсеткішінің себебі болып келеді. 2003 жылы АҚШ-та індеттің 81 жағдайы тіркелді. Науқастар елге әкелінген ұсақ сүтқоректілер және иттермен жақын қарым-қатынаста болған кезде жұқтырған. Ал 2017 жылы Нигерия ең қиын індетті бастан өткерді. Бұл елде 172 жағдай тіркеліп, қайтыс болғандардың 75 проценті 21 мен 40 жас аралығындағы ер адамдар болды.

Бельгия әлемде тарап жатқан жаңа індет — маймылшешек ауруына шалдыққан науқастарға арналған міндетті карантин енгізген алғашқы ел болды. Бұл туралы ел үкіметінің баспасөз қызметі хабарлады. Карантин 21 күнге созылады. Үкімет мұндай шешімді 22 мамырда қабылдады.

Сондай-ақ, Израиль мен Швейцарияда маймылшешек жұқтырудың алғашқы оқиғалары расталды. Екі елде де ауруды бірінші жұқтырғандар жақында ғана шетелден келген. Израильде инфекцияның бірнеше жағдайы зерделену үстінде. Маймылшешек Орталық және Батыс Африкада жиі кездеседі. Бұл аймақтан тыс жерде оның қоздырғышын көбінесе сол жерде болған адамдар мен жануарлар тасымалдайды. АҚШ, Канада, Австралия және Еуропада маймылшешектің жаңа жағдайлары зерттеледі. Осы аптада АҚШ, Канада, Испания, Португалия, Ұлыбритания, Франция, Италия, Швеция және Австралия билігі де өз аумағында аурудың өрішүн растады.

Дегенмен, ғалым өзге медицина ғылымдарының күдігін сөйгітіп отыр.

— Бұл дертті COVID-19

1-бет



«АЛТЫН БЕЛГІ»: АЛМАҚТЫҢ САЛМАҒЫ ҚАНДАЙ?

БІЛІМІН ПӘН МҰҒАЛІМІ БАҒАЛАУЫ КЕРЕК

Біз ұзақ уақыттан бері мектеп директоры қызметін атқарып келетін маманмен пікірлестік. Аты-жөнін көрсетпеуді өтінді. Оның пайымдауынша, «Алтын белгі» бесінші сыныптан мұғалімдер бағалаған білім көрсеткіші бойынша берілуі керек. Ол үшін талаптарды күшейтудің қажеті жоқ дегенді айтады.

— «Алтын белгі» хикаясы — жылда болатын шытырман оқиға. Жыл басында «ата-аналар өтінішін алыңдар, Назарбаев зияткерлік мектебінің базасында тапсырады» делі. Енді үміткерлерді қысқартуға мәжбүрміз. Себебі оқушы қорғай алмаса мектеп басшысы жазаланбақ. «ҰБТ-дан бала өтпесе жұмыстан кетесіңдер» деп бізге жергілікті атқарушы органдардан жыл сайын қысым жасалады. ҰБТ — оқушы білімінің толық көрсеткіші емес. Тестілеуден өтпегенімен ол бала жақсы математик немесе химик болуы мүмкін ғой. Мамандық алу үшін ҰБТ-ға барлық бала бірдей қатысуға мүмкіндік алуы керек, — дейді ол.

Сондай-ақ есімінің құпия сақталуын өтінген және бір мектеп директоры еліміздегі заңдарға өзгеріс енгізу керек деп отыр.

— Баланың білім деңгейі бір күнде анықталмайды. Бесінші сыныптан бастап беспен оқып келе жатқан, барлық тоқсаннан жылдық бағасы бес болып келген оқушыны «Алтын белгіні» қорғауға жібермесек ата-ана да, бала да ренжиді. Ол белгінің түлек өміріне жақсы әсер етер қандай да бір жеңілдігі жоқ. Сондықтан оны есептеу керек емес. Неге министрлік сонша үлкен мән беріп, талаптарын күшейтіп, тіпті директорды жазалауға асығып отырғанын түсінбедік. Баланың білімін мұғалім бағалай алады. Қай

уақытта да бағалап келе жатыр. Аттестаттың қорытындысымен берілуі керек. Еліміздегі заңдарға өзгеріс енгізіп, «5-сыныптан 11-сыныпқа дейін беспен оқыған оқушылар, мектеп бітірген сәтте еш емтихансыз «Алтын белгі» иеленеді. Білім көрсеткіштерін



пән мұғалімдері бағалайды» деп анық жазу керек. Министрлік мұғалімдердің балаға қойған бағасына сенбей, күмән келтіретін болса, «Мұғалім мәртебесі туралы» заңды бекер қабылдаған — деп ренішін білдірді.

ДИРЕКТОР — «ЖАҒЫМСЫЗ» КЕЙІПКЕР

Министрдің мәлімдеуінше, ҰБТ-да нашар нәтиже көрсеткен «Алтын белгіге» үміткер оқушы білім алған мектеп басшылығы жұмыстан шығарылуы да мүмкін. «Биыл «Алтын белгіге» үміткер оқушылардың Ұлттық бірыңғай тестілеуді тапсыру нәтижесіне талдау жасалады. Бұл

академиялық алалдық принципі біздің бақылауымызда. Осы мәселе бойынша мектептің басшылығы тікелей жауапкершілікке тартылады. Қажет жағдайда жұмыстан шығару әрекетіне дейін барамыз. Соған дайын болаңыздар» — деп білім басқармалары мен бөлім басшыларына аталған мәселені назарға алуы ескертті.

Аймағымызда 48 мектеп және қосымша білім беру мен кешкі мектеп директорлары ротациялауға жатады. 11 басын бұл сынактан өтті. Ал қалған директор жыл соңына дейін ротацияланады. Біз тілдескен мектеп басшылары есімдерін жарияламауды өтінді. Өз пікірлерінде жасымалды.

«Оқушы бұған дейін ҰБТ тапсырып қолдарында жақсы нәтижелер

бар. Алайда, «Алтын белгі» тек соңғы тапсырған нәтижесі бойынша бағаланады деп отыр. ҰБТ-ға дайындықты зерделеу жұмысын жасайтын директор. Төмен балл алып жүрген бала жоғары балл алып таңғалдыруда. Бұл тестілеу орталығында жемқорлық жойылмай тұр деген күмән тудырады. Мектеп пен оқушыға қатыстынын бәріне білім ордасының басшысы жауапты. Директор баланы білімге жетелеп, рухани дамытар жетекші емес «жағымсыз» кейіпкер секілді» — дегенді алға тартады.

Психолог Жұмағұл Байановның айтуынша ҰБТ-ға дайындық жоғары сыныпқа өткен кезден басталуы керек. 11-сыныпқа келгенде дайындық пен қадағалау тым күшейіп кетеді. Бұл — балаға үлкен психологиялық қысым.

— Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық кезінде балалар екі жақты бақылауда жүреді. Ал, сіз бір минут біреудің бақылап тұрғанын сезініп көріңізші? Қандай сезімде болдыңыз? Қысым сезіндіңіз, иә? Жан-жағындағы адамдардың үмітін ақтаймын деген ойдан туған «жауапкершілік» сезімі де балада үлкен үрей тудырады. Ең қиыны мектеп өміріне үнілес балалар ҰБТ-ға 11-сыныпқа келгенде дайындалады. Түске дейін сабақ, түстен кейін қосымша, үйге келсе ата-аналары балалардың бос уақытында дайындығын қадағалайды. Осындай қысымнан соң баладан оң нәтиже күтеміз. Нәтиже оң болмаса ше? — дейді ол.

«МАТАЕВ, МОЛОДЕЦ!»

Қала тұрғыны Гүлжан Әбілтайқызы ҰБТ-ға мүмкіндігінше барлық түлек қатысуы керек деп отыр. Іріктеп апару әлі де бар. Бұл оқушылардың жоғары білім алуға деген мүмкіндігін шектейтінін айтады.

— Қазақ жастары оқуға түсу үшін тестілеуден өту қажет, ал елге келген шетелдік аза-

71-ШІ ОРЫН

Ranking.kz агенттігі өткен жылы білім беру бойынша үздік елдер рейтингінін жариялады. Онда Қазақстан 78-ден 71-ші орынға көтерілген.

Сарапшылардың пікірінше, рейтингке қатысатын ТМД елдерінің ішінде Қазақстан тек Өзбекстанды басып озды. Бізден гөрі Ресей, Украина, Беларусь және Әзербайжан ілгері келеді. Салалары төмен көрсеткішке сыбайлас жемқорлық та кесіріп тигізіп отыр. Тестілеу орындарындағы қатаң бақылауға қарамастан telegram әлеуметтік желісінде «тесттен өткізіп беремін» деген жарнама толып жүр.

Жәрдемақы мен зейнетақы: Төлемде не өзгеріс бар?

Ана мен баланы әлеуметтік қорғауға бағалай отбасыларға төленетін бюджеттен және МӨСҚ-дан 795 млрд теңге қарастырылған. Бала тууы бойынша төлемдерге 59 млрд теңге бөлінді. Жәрдемақы мөлшері 1 сәуірге дейін 1,2,3 балаға 116394 теңге, 1 сәуірден бастап 120840 теңге, 4 және одан да көп балаға 192969 теңге 200 340 теңге болып бекітілді. Бір жасқа дейінгі бала күтімі бойынша төлемдерге 228 млрд теңге бөлінді. Бюджеттен көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақыға 338 млрд теңге қаралса, олардың мөлшері балалардың санына қарай сараланады.

Ұлғайтылған сомалардағы бұл төлемдер сәуір және мамыр айларындағы қосымша төлемдерді ескере отырып, маусым айында төленетін болады. Сонымен қатар, МӨСҚ-дан жұмыс істейтін әйелдерге жүктілігі және босануына байланысты төлемге 171 млрд теңге қаралған. Төлемнің мөлшері 762071 теңгені құрайды.

Қазақстанда жыл сайын барлық әлеуметтік төлемдер инфляция деңгейін ескере отырып индекстеледі. Ұлттық банктің деректері бойынша инфляция деңгейі осы жылдың соңына дейін 8-10%-ке жетуі мүмкін (бұрын инфляция бойынша болжам 4-6%-ті құраған).

1-бет

Биыл қаңтардан бастап жасына байланысты зейнетақы төлемдері мен еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшері 7%-ке, ал ең төменгі күнкөріс деңгейі мен айлық есептік көрсеткіштің мөлшері 5%-ке арттырылуына байланысты жәрдемақылардың мөлшері өскен болатын.

2022 жылғы 1 сәуірден бастап инфляцияның болжамды деңгейін ескере отырып, мамырдың 12-де «2022-2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР-ның Занына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Осыған дейін тағайындалған жасына байланысты зейнетақы төлемдері мен еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшері 4%-ке индекстелді, ал базалық зейнетақылар мен жәрдемақылардың мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің (бұдан әрі-ЕТКД), айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің (бұдан әрі-АЕК) өзгеруіне байланысты арттырылды (1.04.22ж. бастап жәрдемақылар және басқа әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін АЕК мөлшері — 3180 теңге; ЕТКД— 37389 теңге; мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері — 20191 теңге; ең төменгі зейнетақы мөлшері 48032 теңге болып белгіленді).

Мүгедектігіне, асыраушысынан

айырылуына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы және мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға, қамқоршыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы, 1 топтағы мүгедекке күтімді жүзеге асыратын адамдарға берілетін арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алушылардың төлемдері күнкөріс деңгейі мөлшерінің ұлғаюуына байланысты арттырылды.

Бұған қоса, ерекше ауыр және зиянды жағдайда жұмыс істеген адамдар үшін мемлекеттік арнайы жәрдемақы, арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, сондай-ақ, балалар жәрдемақысының мөлшері АЕК мөлшерінің ұлғаюуына байланысты көбейтілді. Нәтижесінде, облыс бойынша 243,7 мыңнан аса зейнетақы және жәрдемақы алушының (оның ішінде зейнетақы алушылардың саны — 77,4 мың адам) төлемдері сәуірдің біріннен бастап қайта есептеліп, биылғы маусым айынан бастап төленеді. Бұл ретте 2 айға (сәуір, мамыр) қосымша төлеммен көбейтілген мөлшерде төленіп, ал шілденен бастап 1 айға көбейтілген мөлшерде төленетін болады.

Ертілеу Ж.А.ҒАСБАЕВ, Елбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің облыс бойынша департамент басшысы



Ауа райы құбылып тұр

Жалпы әлемде ауа райы құбылып тұр. АҚШ-тың солтүстігінде құйын соқты. Торнадо Германия тұрғындарын да әбiрге салды.

Сондай-ақ Құрама Штаттардың батысында қар жауды. Ал Бразилияның солтүстік-батысында алапат су тасқыны болды. Германияның батысында 3 бірдей торнадо соқты. Торнадо АҚШ-тың Мичиган штатында 2 кісінің өмірін қылды.

Испанияда керісінше күн ысыды. Температура 40 градуска көтерілді. Ұлттық метеорологиялық агенттік ел астанасы Мадридте ыстық ауа райы әдепкі нормадан 16 градуска асқанын айтады. Билік аптаптан кейін алапат өрт басталуы мүмкін деп дабыл қақты.

Бразилияда тұтас ауылдар су астында қалды. Мал да қырылып, егістіктерді су шайып кетті. Барынан айырылған шаруаларда есеп жоқ. 29 әкімшілік аумақта төтенше жағдай жарияланды. Қырғызстан асуларында қар жауып жатыр, жол тайғақ.

Жүргізушілерге автокөлікке қысқы резина кигізу ескертілуде.

Жаңа бұйрық

«Талибан» билігі тележүргізуші әйелдерде эфирге бетін жауып шығуға бұйрық берді.

Мұны елдің Айып және ізгілік министрлігінің баспасөз хатшысы Акиф Махаджар мәлімдеді. Оның сөзінен, әйелдер бұрынғы тәртіппен телеэфирге 20 мамырда соңғы рет шығуы керек. Ведомство атынан айтылған мәлімдемеледе бұйрық «түпкілікті және келісілмейтін» жазылған.

Жаңа талап 21 мамырдан бастап күшіне енді. Алайда бұл талапты орындамаған жағдайда салдары қандай болатыны белгісіз. Артынша желіде ауған тележүргізуші әйелдердің суреті тарады. Ер тележүргізушілер әйел әріптестерін қолдау акциясын бастап, маска киіп эфирге шықты. Бұған дейін телерна жүргізушілерінің бірі Хатира Ахмади бұткердемен дұрыс сөйлей алмайтынын айтқан болатын.

Жерден басқа планета жарамды ма?

Қытайдың астрономдар тобы CHESS (Closeby Habitable Exoplanet Survey) жобасы аясында ғарышта өмір сүруге болатын планеталар іздеу үшін оптикалық телескоп ұшыруға ниетті.

Жобаға сәйкес, айна диаметрі 1,2 метр болатын оптикалық телескоп Лангграждан екінші нүктесіне (L2) жақын гало-орбитаға шығарылады.

және бес жыл ішінде күн тәрізді 100 жұлдызды зерттейді. Есептеулер бойынша, күн тәрізді жұлдыздардың айналасында өмір сүретін аймақта орналасқан ғарыш объектілері айналады.

Нәтижесінде Қытай зерттеушілері Жер сияқты және өмір сүруге жарамды 50-ге жуық планета ашуы мүмкін. Алайда, олардың көпшілігі жерден жүздеген жыл қашықта орналасқан. Қытай Ғылым академиясының профессоры Цзи Цзяньхуаның айтуынша, бүгінгі таңда расталған экзопланеталардың саны 5 мыңнан асты, олардың 50-ге жуығы Жерге ұқсас. «Өмір сүруге жарамды әлемдердің ашылуы адамзат үшін үлкен жетістік болады және болашақта біздің өмір сүру кеңістігімізді кеңейтеді», - деп келтіреді «Синьхуа» агенттігі ғалымның сөзін.

Ең қымбат Mercedes

Sotheby's аукционында Mercedes Benz 300 SLR Uhlenhaut Coupé жеке коллекционерге 142 миллион долларға сатылды.

Sotheby's үйінің мәліметі бойынша, бұл — аукциондар тарихындағы ең қымбат көлік. Mercedes-Benz-тің алдынгы рекорды 95 миллион доллар болды. Mercedes-Benz 300 SLR Uhlenhaut Coupé «әлемдегі ең әдемі автокөлік» ретінде белгілі.

Ол жасаушысы, жарыс автомобильдерінің әйгілі инженері Рудольф Уленхуоттың аттымен аталған. Мұндай көліктің тек екі данасы бар. Рекордтық сомаға сатылған көлік 1955 жылы жасалған.

Бұл аукционда сатылған ең құнды заттардың ондығына кіреді.

МУЗЕЙДЕГІ МҰРА

БҮГІНГЕ ЖЕТКЕН БАҒАЛЫ ЖӘДІГЕРЛЕР

«Ұлттық рухани жаңғыру» жобасы аясында облыстық тарихи-өлкетану музейі (Ақмешіт филиалы) қазақ тарихында өзіндік орны бар Төлекқожа батыр Қылышқожаұлы (1716-1798 жж.), Жанқожа батыр Нұрмұхаммедұлы (1774-1860 жж.), Бұқарбай батыр Естекбайұлы (1812-1898 жж.), Қайқы батыр Ұзақұлының (1845-1918 жж.) өмірі мен қызметі және пайдаланған заттары туралы тарихи-танымдық дүниелерді ел назарына ұсынды.

Төлекқожа батыр Қылышқожаұлы XVIII ғасырда жоңғар шапқыншылығына қарсы атакты Абылай ханның ту ұстаған батырларының бірі болған. Қожа Ахмет Яссауидің туған ағасы Хазіреті Шайықтың ұрпағы саналады. Батыр өз уақытында Аққорған қаласын қорғаушы ретінде ерен ерлігімен көзге түсіп, мыңбасы ретінде талай қиян-кескі соғыс жорықтарына қатысып, тапқырлығымен танылған. 1757 жылғы Жоңғар қақпасындағы соңғы шайқасқа дейінгі ірі жеңістердің барлығында Қабанбай, Алтыбай, Ақтанберді, Есенбет, Жәнібек, Малайсары, т.б. батырлармен бірге Сыр өлкесінен шыққан Төлек батыр да ерлік көрсеткен. Жазушы Жолдасбай Тұлыбайұлының 1987 жылы жарық көрген «Ғамыз таңы» атты романында Хангелді батырдың ұлы Райымбек батыр және Төлек батырдың ерлігі жайлы әңгімелейді.

Ел аузындағы деректерде Төлек батыр ат үстіндегі соғыс өнерін жоғары меңгерген. Сауытты көп пайдаланбаған көрінеді. 1798 жылы дүниеден өтіп, Жанакорған өңірінде Аққорғанда жерленген. Қазіргі уақытта мұрасы ретінде қылыш сақталған. Жәдігерді батырдың ұрпағы саналатын Ташкенттің Янгтиоль ауылының тұрғыны Шаймардан Ысқаков Пахраддин Садықова аманат етіп тапсырған. Кейін музейге Мадиярхан Тұрсынқожаұлы сыйға берген. Жәдігердің ұзындығы – 62,5 см, жүзінің ені – 4 см, сабының ұзындығы – 14 см, жүзінің ортасына арнайы дола салынған. Сабы қайта жаңғыртылған. Құнды жәдігерді насихаттауға Жанакорғанда белгілі өлкетанушы, еңбек адагері, музей саласының дамуына өзіндік үлесін қосқан Нобихан Шалапов атсалысты.

Жоба барысында XIX ғасырда Ресей империясы, Қоқан және Хиуа хандықтарына қарсы Сыр өңіріндегі ұлт-азаттық көтерілістің жетекшісі Жанқожа батыр Нұрмұхаммедұлының мұрасы зерттелді.

Жанқожа 17 жасында Кіші жүз құрамындағы Әлімұлы тайпасының жергілікті рулары сайлап алған Қылышбай ханның Хиуа бекінісіне жасаған жорығы кезінде жасакқа елеусіз еріп барып, ешкімге дес бермей тұрған қарақалпақ батыры Тықыны жекпе-жекте өлтіреді. Осы жорықта әділетсіздігі үшін Қылышбай ханның өзіне де қол жұмсайды.

Ол Кенесары Қасымұлына дем беріп, барыныса қолдау көрсетеді. 1845 жылы Кенесары

ханның өтініші бойынша Созақ бекінісін басып алуға қатысады. Кейінірек Жанқожа батырдың Қоқан хандығымен көп жылға созылған тартысты оқиғалары басталады. Хиуа хандарының шапқыншылық езгісінен әбден қалжыраған Сыр қазақтары амалсыздан патша үкіметін іс жүзінде танып, хиуалық бектерге қарсы күресте олардан жәрдем күтеді. Жанқожа батыр орыс әскерлерінің келуін алғашында үлкен үміт, достық сезіммен қарсы алады.

Патша шенеуніктері мен әскерлері ауық-ауық елдің тыныштығын бұзып, бұл кезде егде тартып отырған Жанқожаға да маза бермейді. 1856 жылы желтоқсанда Сыр бойы қазақтарының Ресейге қарсы қарулы көтерілісі басталады. Империя әскері мен көтерілісшілер арасындағы шешуші шайқас 1857 жылғы 9 қаңтарда Арықбалық шатқалында өтеді. Шайқас кезінде ақ туды Жанқожа батырдың өзі көтереді. Бірақ батырдың нашар қаруланған жасағы от шашқан зеңбіректің снарядына және мылтықтың қалың оғына төтеп бере алмайды.

Жазалаушы отряд көтерілісші халыққа қарсы тағы бірнеше рет жорыққа шығып, қазақ ауылдарына адам айтысыз жауындықытар жасайды. Жанқожамен бірге 20 шақты қазақ ауылы көшіп кетеді. Жанқожа мұнда Хиуа, Бұқара немесе Қоқан хандары тарапынан өзіне одақтасар табуға әрекеттенеді. Бірақ бұл саясатынан ештеңе шықпайды. Қазақтардың Жанқожа Нұрмұхаммедұлы қолбасшылық еткен көтерілісі осылай аяқталады.

1860 жылы жазалаушы әскер Қызылқұмның ішіндегі Жанқара көлінің басында отырған Жанқожа батырдың ауылын қоршауға алады. Қанды шайқастың барысында 80 жастан асқан Жанқожа батыр жазалаушылардың қолынан қаза табады.

Қазіргі уақытта Жанқожа батырдың үлкен ағасы Ақмырзаның тікелей ұрпағы Иманғали Сағадиннің қолында батырдың пайдаланған дүниелері сақтаулы. Бұлар – «Нұрнамә» кітабы, тесак (кескіш), шаппак тас.

«Нұрнамә» (Нұрдың кітабы) – араб, парсы, шағатай тілдерінде жазылған емдік дұғарған қарақалпақ батыры Тықыны жекпе-жекте өлтіреді. Осы жорықта әділетсіздігі үшін Қылышбай ханның өзіне де қол жұмсайды.

Ол Кенесары Қасымұлына дем беріп, барыныса қолдау көрсетеді. 1845 жылы Кенесары



сырдың 50-60 жылдары Сыр өңірін жаулауға атсалысқан Орынбор генерал-губернаторы граф В.Перовский батырға аса ризашылықпен сыйға берген. Ұзындығы – 66 см, сабының ұзындығы – 14 см, жүзінің ұзындығы – 52 см, ені – 4 см. Жүзіне ені 1,5 см болатын дола салынған. Қарудың бұл түрі Ресей империясының әскері үшін 1834-1848 жылдар аралығында Златоуст қару-жарақ фабрикасында шығарылған. Қарудың осы уақытта дейін сақталуы таңғаларлық жайт.

Шаппак тасты Жанқожа батыр жорық кезінде от жағуға пайдаланған. Көлеміне тоқталсақ, ұзындығы – 8,2 см, ені – 7,1 см. Ұрпақтары киелі дүние ретінде көзінің қарашығындай сақтауда.

Жалағаш ауданы Бұқарбай батыр ауылындағы батырдың музейінде сақталған қылыш пен мөрдін тарихына тоқтайлық. Бұқарбай батыр Естекбайұлы даңқы тек Сыр бойында ғана емес, қазақ даласына өшпес ерлігімен танымал. XIX ғасырда Ресей империясына қарсы ұлт-азаттық күрес жүргізген Кенесары Қасымұлының таңдаулы қолбасшыларының бірі болды.

Жастайынан ел қорғау жорықтарына қатысып, шындалып өскен Бұқарбай батыр ержүректігімен көзге түседі. Кенесары көтерілісіне алғашқылардың бірі болып қатысып, 1847 жылға дейін қаһарман батырлардың қатарында айтылады. Ол 1839 жылы тамызда Ақмола бекінісін алуға қатысады.

1837-1847 жылдар аралығында Ұлқаяқ, Бұланты, Жыланшық өзендерінің бойындағы өшпес ерлігі мен «Созақ», «Ақмола» бекіністерін бағындырудағы әбден ысылған, шын болаттай шырққан, өр

тұлғасы мен көнігі әскери қолбасшыларға ғана тән ойлы іс-қимылдарын Кенесары хан әрқашан ризалық сезіммен еске алып, өзге сардарларға үлгі-өнеге етіп отырған.

Ресей деректерінде Бұқарбай батыр еліне қайтқан соң бейбіт еңбекпен айналысқан. Етін егіп, 1854 жылы Сырдария сағасынан күні бүгінге дейін ұрпақтары пайдаланатын «Бұқарбай арығын» (ұзындығы 25-30 шақырым) қаздырған. Ресей империясының жоғары билігін мойындап, «Ақмешіт» бекінісін жаулап алу кезінде патша әскеріне көмек көрсетеді. Қоқан хандығына қарсы әскери жорықтарға қатысқаны үшін патша үкіметінен марапаттарға ие болған. Талайды көріп, ұзақ өмір сүрген батыр өз туған жерінде 1898 жылы дүние салды.

Бұқарбай батырдан қалған дүниелер – қылыш, мөр, суснырдың терісінен жасалған тудың шапшағы. Бұл жәдігерлер қазіргі таңда Бұқарбай батыр музейінде сақтаулы.

Мөр сопақша етіп жасалған. Араб әріптерімен «Бұқарбай баһадүр» деген сөздер екі қатар етіп бедерлене жазылған. Екі жағына «П» әрпі тәріздес айналымалы, жоғары тұсында құлақшасы бар темірден жасалған сақтандырғыш (скоба) бекітілген. Кейіннен құлақша арқылы металдан жасалған ұзынша шыңжыр жалғанған. Күмістен жасалған, өлшемі – 2 x 2,5 см.

Қылышты Бұқарбай батыр жаугершілікте пайдаланған. Материалы құршы темір, қылыштың ұзындығы – 80 см, сабының ұзындығы – 13 см, жүзінің ені – 3 см.

Тудың шапшағы Бұқарбай батыр туына пайдаланылған. Суснырдың құйрығынан жасалған. Осы уақытта дейін сақтал-

ған құнды жәдігер. Қазірдің өзінде халық киелі дүние ретінде санайды. Музейге тапсырылғанға дейін халық ырым-дап түрлі аурулардан сақтайды деген сеніммен табәрік ретінде кесіп әкететін болған.

Жоғарыда аталған дүниелердің барлығы 2012 жылы Бұқарбай батырдың 200 жылдық мерейтойы қарсаңында ашылып, халыққа қызмет етіп келе жатқан батырдың атымен аталатын музейге тапсырылып, келушілер назарына ұсыну мақсатында экспозициядан орын алған.

Жоба аясында Сыр өңірінде белгілі тұлға Қайқы батыр Ұзақұлының мұрасы зерттелді.

Қайқы Ұзақұлы 1845 жылы Ақмешіт уезіне қарасты Байұзақ болысында (қазіргі Жалағаш ауданы) дүниеге келген. Әкесі Ұзақ елді қорғау кезінде жау қолынан қаза табады да, жастай жетім қалған Қайқы одан әрі анасының тәрбиесінде болады. Сөйтіп, өмірдің ашы-тұшысын көріп өскен ол ерте есейеді. Әсіресе, әділдік үшін күресте ешкімнен де жасқанбайды. Өзі де ірі тұлғалы, қайратты кісі болатын. Жаумен ат үстінде кездескенде жиырма кісіге де алдырмаған, найзагер, сойып ұрғыш жан екен. Қайқы батыр халыққа қиянат жасағандардың қай-қайсысына да қарсы тұрып, тек туралығын айтқан, сол арқылы көпшілік құрметіне бөленген кісі болған. Ел аузында сақталған деректерде батырдың Бұқарбай батыр және Қалжан ахунмен достығы туралы жиі айтылады.

Қазіргі уақытта батырдың ұрпақтарының қолында сақталған құнды жәдігерлер – мылтық пен күміс белдік.

Мылтықты Қайқының әкесі Ұзақ батыр кезекті шайқас кезінде қоканның бетін өлтіріп оқпалаған. Кейін қаруды Қайқы батыр пайдаланған. Еуропалық үлгіде жасалған шаппак мылтық британдық Энфильд нұсқасына ұқсайды. Бұл қару түрімен XIX ғасырдың I жартысында АҚШ, Еуропа елдерінің әскерлері қаруландырылған. Мылтықтың ұзындығы – 1,5 метр. Батырдың шөбересі Жантүгел Есжановтың айтуынша, екі ғасырға жуық тарихы бар мылтық киелі саналады.

Белдік – батырдың өзі пайдаланған жеке дүниесі. Жәдігер тікелей ұрпағы Бекбол Қайкиевтің шаңырағында сақталуы. Күміс жапсырмалармен безендірілген белдіктің қондырмасына арабша жазу бедерленген.

Жоба аясында жоғарыда аталған дүниелерді зерттеу, зерделеу жұмыстарын жүргізу, құнды жәдігерлердің көшірмелерін жасап, музей қорын толықтыру жоспарлануда. Алдағы уақытта да Сыр өңірінде қаншама тарихи мұрамыздың сыр ашылары сөзсіз.

Гүлзира ӘБУБЕКІР,
«Ақмешіт» музейінің
ғылыми қызметкері

ЖОБА

Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 16 қыркүйектегі №301 «Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақысының ставкаларын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШТІ:
1. Қызылорда облыстық мәслихатының «Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орманды пайдалану төлемақысының ставкаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 16 қыркүйектегі №301 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №5193 болып тіркелген) келесідей өзгерістер енгізілсін:
көрсетілген шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:
«Қызылорда облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орманды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері (түбірмен босатылатын сүрек үшін белгіленетін мөлшерлемелерді қоспағанда) туралы»;
көрсетілген шешімнің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:
«1. Қоса беріліп отырған Қызылорда облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орманды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері (түбірмен босатылатын сүрек үшін белгіленетін мөлшерлемелерді қоспағанда) бекітілсін»;
көрсетілген шешіммен бекітілген Қызылорда облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орманды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы	Аты-жөні
2021 жылғы «__» _____	Қызылорда облыстық мәслихатының № _____ шешіміне қосымша
2015 жылғы 16 қыркүйектегі №301 шешімімен бекітілген	Қызылорда облыстық мәслихатының №301 шешімімен бекітілген

Қызылорда облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орманды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері (түбірмен босатылатын сүрек үшін белгіленетін мөлшерлемелерді қоспағанда)

№ р/с	Атауы	Өлшем бірлігі	Бірлік үшін төлемақы мөлшерлемелері (Айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3	4
1.	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін қысқа мерзімді орман пайдалану		
1.1	Шөп шабу		
1.2	Шабындықтың жақсы жай-күйінің құны	1 гектар	0,05
1.3	Шабындықтың қанағаттанарлық жай-күйінің құны	1 гектар	0,04
1.4	Шабындықтың нашар жай-күйінің құны	1 гектар	0,03
2.	Мал жаю		
2.1	Ірі мал: (мүйізді ірі қара, жылқы)	1 бас	0,24
2.2	Ұсақ мал (қой)	1 бас	0,06
2.3	Ұсақ мал (ешік)	1 бас	0,21
2.4	Ірі қара малының жас төлі	1 бас	0,12
2.5	Түйе	1 бас	0,30
3.	балара ұялары мен омарталар орналастыру	1 ара ұясы	0,05
4.	Орман қоры учаскелерін көкөніс өсіру, бау шаруашылығы, бақша шаруашылығы, бақ шаруашылығы және өзге де ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін пайдаланғаны үшін		
4.1	Қызылорда қаласы	1 гектар	0,006
4.2	Қазалы ауданы	1 гектар	0,005
4.3	Қармақшы ауданы	1 гектар	0,004
4.4	Жалағаш ауданы	1 гектар	0,006
4.5	Сырдария ауданы	1 гектар	0,006
4.6	Шіелі ауданы	1 гектар	0,004
4.7	Жанакорған ауданы	1 гектар	0,004
5	Дәрілік өсімдіктер және техникалық шикізаттар жинау және дайындау		
5.1	Жалаң мия	1 килограмм	0,02
5.2	Сұңғыла	1 килограмм	0,19
5.3	Сасық керевік	1 килограмм	0,30
5.4	Қамыс	1 текше метр	0,06
5.5	Ши	1 текше метр	0,06
6	Ғылыми-зерттеу, сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттарда		
7	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ұзақ мерзімді орман пайдалану		
7.1	Ғылыми-зерттеу және мәдени-сауықтыру мақсаттары үшін	1 гектар	0,02
7.2	Рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттары үшін	1 гектар	0,10

Ескерту: Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 42-бабының 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының арнайы заңнамасында айыналған жағдайлардан басқа кезде, өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесіне енгізілген жабайы өсетін өсімдіктер мен санырауқұлақтар түрлерін, сондай-ақ құрамында есірткі бар өсімдіктер мен құрамында есірткі бар табиғи шикізат жинау мен дайындауға тыйым салынады.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru

«Құмкөл-Сервис» ЖШС ұжымы серіктестік директоры Әбенов Қанат Қалқабайұлына зайыбы, серіктестіктің экономисі Әбенова Гулнар Қанатқызына, ПТО инженері Қалқабай Бағдат Қанатұлына аналары

Мажитова Манат Сәмитқызының қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ҚҰМ АСТЫНДАҒЫ ҚҰПИЯ

«Арайдағы» ескерткіш жайлы не білеміз?

31 мамыр – XX ғасырдағы кеңестік биліктің тоталитарлық саясаты салдарынан саяси қуғын-сүргінге ұшыраған қайраткерлер мен ашаршылық құрбандарын еске алатын күн. Бірлігі кетіп, берекесі қашқан сол кезеңде халқымыздың жартысына жуығы құрбан болып, жарты миллионнан астамы бас сауғалап шет елдерге үдере көшуге мәжбүр болды.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін 1993 жылы 14 сәуірінде «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заң қабылданды. Осы мақсатта 1998 жылы Қызылорда қаласында да ашаршылық қуғын-сүргін құрбандарына арнап ескерткіш орнатылды. Ескерткіштің биіктігі – 10 метр, авторы – сәулетші Мәлік Сапарғалиев.

Тарихи белгіні салу үшін бұл жер бекер таңдалмаған. Ел арасында бұл төбе бір кездегі қанды қырғынның куәсі екені де жиі айтылады. Бұлай деуге негіз бар. Облыстық «Ленин жолы»

(қазіргі «Сыр бойы») газетінің тілшісі, журналист Мырқы Исаев – тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге үлес қосқан адамдардың бірі. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрметті ардагері, отставкадағы полковник Әмірхан Бөкірұлы сұхбатында «Токсаныншы жылдары ағамыздың бастамасымен ату жазасына кесілгендердің жерленген орнын іздестіру басталды. Қауіпсіздік органдарының қызметкерлеріне ауыр жаза



ретінде Сырдария аудандық «Жаңадария» газетіндегі «Қырық молдаға түскен құрық», Теренөзек аудандық «Еңбек туы» газетіндегі «Ал-

тын тіс арқылы танылған өлік» мақалаларын ұсынған. 2017 жылы мемориалды ескерткіштің бастапқы қалпын сақтай отыра қайта

жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, аумағы абаттандырылды. Ол мазмұны жағынан «Біз біргеміз! Елімізде бейбітшілік болсын, ендігі жерде бұндай қасірет болмасын» деген көріністі және 1937-1938 жылдардағы саяси репрессияда «халық жауы» атанып, жапа шеккен Алаш арыстарының ақталғанын білдіреді.

Ескерткіш бүгінде «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы аясында «Өңірлік қасиетті нысандар» тізімінде тұр. Сонымен қатар, облыстық тарихи-мәдени мұра объектілерінің 3D форматтағы интерактивті картасына (www.virtualmap.xyz) енгізілген.

Азамат ЕСҚАЛПЕВ, облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі мекеменің аға ғылыми қызметкері

«СБ» ақпарат

Ғ.Мұратбаев атындағы №171 орта мектепте көрнекті қоғам қайраткері, ағартушы, Қазақстан мен Орталық Азия жастарының жалынды жетекшісі Ғани Мұратбаевтың 120 жылдығына орай «Ғани тағылымы – ұрпаққа ұлағат» тақырыбында кездесу өтті.

Ұрпақ жадында жаңғырған есім

Іс-шараның мақсаты – халқымыздың біртұар перзенті, халықаралық жастар қозғалысының қайраткері Ғ.Мұратбаевтың өнегелі өмірін, өшпес рухын жастарға дәріптеу, тарихи тұлғаның есімін мәңгі есте қалдыру, оқу-білімге тәрбиелеу.

Іс-шараны мектеп директоры Б.Ибраев ашып, тарихи тұлғаның өмірі мен еңбек жолына тоқталып, Ғани тағылымының жас ұрпаққа мәңгі сабақ болатынын атап өтті.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің доценті А.Әбілов Шығыстың жарық жүлдызы, жастардың көшбасшысының болған қоғам қайраткерінің өнегелі өмірі мен қайраткерлік іс-әрекеті, елі үшін еткен еңбегі, еліміздің мәдени-ағарту саласына қосқан үлесіне тоқталды.

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, акын Т.Абылаев біртұар азамат жайлы тәрбиелік мәні бар естеліктер айтты. Сондай-ақ, Абылай хан атындағы №140 орта мектептің мұғалімі Р.Кенжеғұлова еліміздің тарихы, мәдениетінің дамуы жастарға байланысты екенін айта келе, оқушыларды заман көшінен қалмауға шақырды.

Іс-шара соңында тарихтағы ізі, жасаған ісі арқылы ел есінде сақталған ұлы тұлғаның өмірінен сыр шертетін көрме ұйымдастырылып, мектеп оқушылары арнау өлеңдерін оқып, патриоттық әндер шырқады. Сонымен бірге оқушылар тарихи тұлға жайлы пікірлерін ортаға салып, ойларын бөлісті.



Ардагерлерге арналған спартакиада

Қызылорда медициналық жоғары колледжінде Денсаулық сақтау саласының ардагерлері Дина Абпазова және Әлайдар Әбдулғауыптың 80 жылдық мерейтойларына арналған медицина қызметкерлерінің облыстық 54-спартакиадасы өтуде.

Сб Гүлбану МАҚАЖАН,
«Сыр бойы»

Оған облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы С.Пазылов, облыстық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы М.Нәлібаев және сала ардагерлері мен мекеме басшылары қатысты.

— Мемлекет басшысы әрдайым бұқаралық спортты

дамыту қажеттілігін айтып келеді. Біздің облыс салауатты өмір салтын қалыптастыруда алдыңғы қатарда. Бұл спартакиада көп жылдан бері дәстүрлі түрде өткізілуде. Қатысушыларға кәсіби қызмет пен салауатты өмір салтын қатар алып жүргені үшін алғыс білдіремін.



Денсаулықтарыңызды шындап қана қоймай, рухы мықты адам ретінде өзгелерге үлгі боласыздар. Спорт адамды мақсатқа ұмтылу, табандылық, командада жұмыс істей білу тәрізді ең жақсы қасиеттерге баулиды. Мұндай қасиеттер қызметкерлерді спортта ғана емес, еңбекте де табысқа жетелейді, — деді басқарма басшысы.

Айта кетейік, жарыс футбол, арқан тарту, баскетбол, волейбол, тоғызқұмалақ, үстел теннисі, ұзындыққа секіру секілді спорт түрлерінен өтуде. Жеміпаздар медицина қызметкерлерінің төл мерекесіне арналған салтанатты жиында марапатталмақ.

Достық дәнекері

Тарихта ізі қалған, Жанақорғанның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан корей ұлтының өкілі Иван Цой туралы айтуды жөн көрдік. Ол ел басына күн туған зұлмат жылдары өзінің адал еңбегімен, жоғары жауапкершілігімен ауданның ауыл шаруашылығы саласын дамытқан абзал азамат.

Өкініштісі сол, даңқты тұлға туралы ақпарат жоқтың қасы. Бабалар ізі өшпесін, болашаққа тәлім болсын деген максатпен түрлі сайттарды ақтарып, кітапханадағы қорды да қарастырдым. Енді елжанды азаматтың құмырнама-сына тоқталсам. Иван Цой Засимович 1924 жылы 18 наурызда (ресми құжаттарда 1926 жылы) Қыыр Шығыстың Приморск өлкесінің Находка қаласында дүниеге келген. 1937 жылдың күзінде жапон милитаристері Қытайға басып кіргеннен кейін көп ұзамай КСРО Қыыр Шығыс өлкесінің шекаралас аудандарынан корей халқын жаппай депортациялауды бастады. Осылайша Иван Цой Қазақ КСР-нің Оңтүстік Қазақстан облысына, кейіннен 1938 жылы Қызылорда облысына қоныстандырылады. Жанақорған ауданына қарасты «Красная Звезда» колхозында сегізжылдық орта мектепті бітірген. Соғысқа тура келген ауыр шақтарда колхозда күрші бригадасының жетекшісі болып жұмысін бастаған.

Ол басқарған звено 1948 жылы 5 гектар алқаптың әр гектарынан 84,8

центнерден өнім алды. Осы еңбегі үшін СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1949 жылғы 20 мамырдағы Жарлығымен «Социалистік Еңбек ері» атанады. Сондай-ақ, Ленин атындағы «Орақ пен Балға» алтын медалінің иегері болған. 1940 жылдың аяғында Алматы қаласындағы «Красная Звезда» кеңшарының бірінші хатшысы болып тағайындалды. 1951 жылдың шілдесінде Алматы қаласында өткен Қазақстан комсомолдарының V съезіне делегат болып сайланды. Бұл — тарихи ақпар. Десе де, Иван Цой туралы Ресейдің «Герои страны» сайтында ғана мәліметтер бар.

Еңбек ері 1950 жылдардың аяғында Жамбыл облысына қоныс аударып, Дунгановка ауылындағы «Октябрь» колхозында агроном болып жұмыс істеген. 1960 жылдардың басына Аса ауылында қант қызылшасы, қарбыз, пияз, бидай өсірумен айналысқан.

1986 жылдан бастап одақтық маңызы бар жеке зейнеткер болып, 2006 жылы Тараз қаласында дүниеден өткен. Деректер-



ге қарағанда, Тараз қаласындағы «Жасыл кілем» зиратының корей бөлігінде жерленген.

Социалистік Еңбек ері «Ленин» орденінің және бірнеше медальдің иегері. Еңбегі ерен тұлғаның есімін өшірмеу үшін 2017 жылы кенттегі көшеге есімі берілді.

Бұл — тек қолдағы бар дерек. Иван Цой туралы, оның еңбекқорлығы мен елжандылық рухы туралы біз білмейтін ақпарат қаншама?! Ел азықтан қиналған зұлмат жылдары ұжымды ұтқырлықпен басқарып, мол өнім шығарған тұлғаның саяттылығы мен іскерлігін осыдан-ақ тануға болады. Өзіне жанашырлық танытқан, өсіп-өнген топырағы алдындағы азаматтық боршының өтегіні болса керек, сірә!

Бақдәулет
ХАЙРҰЛЛАҰЛЫ,
Жанақорған ауданы

● САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

Ерік-жігердің көмбесі – еңбек пен тәртіп

Шыңғысхан ауырып қалып, қытайдың атақты емшісі Ган Чуннан:

— Өмір дәрісі бар ма? — деп сұрапты.

— Бар, — депті емші.
— Ол қандай дәрі, мәңгілік өлмейтін дәрі ме? — деп хан еден ете қалады.
— Ол — уақытша өмірге арналған дәрі. Ал, мәңгілік өмір сүру дәрісі менде болмай тұр, — депті Ган Чун.

Сол емші айтқандай, мәңгілік өмір жоқ, бірақ сау, ұзақ өмір бар. Оның дәрісі — спорт, яғни, қимыл және салауаттылық.

Сондықтан да бүгінгі таңда күн тәртібінде тұрған әлеуметтік маңызы зор мәселенің бірі — халық денсаулығы болып отыр.

Қимылға, нақтырақ айтқанда еңбектенуге, салауатты өмір сүруге баланы жас кезінен тәрбиелеу ісіне халқымыз айрықша мән берген. «Балаңды бес жасқа дейін хан көтер, бес жастан он бес жасқа дейін құлыңдай жұмса, он бес жастан асқан соң досыңдай сырлас» деген аталар сөзінің астарында қаншама мағына жатыр.

Бұлардың бәрін тізбелеп отыру себепі бар. Мен — дене тәрбиесі пәні мұғалімімін. Алдымыздан әр жыл сайын қанша бала қанаттанып, үлкен өмірге қадам басып жатыр. Алайда, қазіргі балалардың көбі қарапайым мысалмен жеткізсек, кермеге тартыла алмайды, тартылса, екі-үштен аспайды. Көпбей жатып, қос қолының күшімен өз денесін көтеру олар үшін ақырет. Жүгірсе, шаршап отыра кетеді. Тіпті, кейбір балаларды бассейнге түсіруге қорқасын. Жасыратын несі бар, әскер қатарына шақырылған жастардың бой мен салмағы жағынан жарамсыз болып қалатындары да жетеді.

Мұның себебі не? Олар ертен кайтып Отан қорғайды. Отан қорғамақ өз алдына бір ұйым, үлкен өмір сынағына қалай шыдайды?

Себебін іздеп көрелік. Бұрын кеңестік дәуір мектептерінде ГТО («Готов к труду и обороне») деген болды. Әрбір оқушы осы норма сынағынан өтіп, төсбелгісін тағып жүруді мәртебе көретін.

Тауелсіздік жылдары бұл норма «Президент сынамасы», «Ұлттық

сынама» деп ауыстырылды. «Денешынықтыру және спорт туралы» ҚР Заңына сәйкес әзірленген ережелер бекітілді.

«Президенттік сынама» сынақтарының — қашықтыққа жүгіру, орнында тұрып ұзындыққа секіру, биік кермеде тартылу, пневматикалық винтовкадан нысана ату, бассейнде жүзу секілді түрлері бар. Олардың әрқайсына баланың жасына қарай нормативтер белгіленген.

«Президенттік сынама» волейбол, тоғызқұмалақ, футбол секілді жарыс түрлерімен қатар облыстық спартакиада тізіміне енген.

Енді бүгінде осының бәрі ойдағыдай орындалып жатыр ма? Әрине, олай емес, оның себебін мектептен колледжде келген балалардың деңгейі дәлелдеп береді.

Осыған орай мынадай ой келеді. «Президент сынамасын» қайта қолға алып, жетілдіру қажет. Қажетті норманы тапсырған оқушыға арнайы төсбелгі тағылуы тиіс. Сондай-ақ, оған ҰБТ-да «Президенттік сынама» орындалғаны үшін балл қосылса, құба-құп. Жоғары оқуға түскен баланы дені сау, физикалық бітімі мықты болғаны абзал. Өйткені, ол ертен еліне қызмет ететін азамат болғалы тұр емес пе?!

Мұнымен қоса, әр оқушыға «Ұлттық сынама» тапсыру пән емтиханы секілді міндеттеу керек. Мысалы, бұл деңгейде 15-16 жастағы бала 9-10 рет кермеге тартылуы тиіс. Басқа да осындай қалыпты нормалары бар. Ал, «Президенттік сынама» талабы көтеріңкі, ол арнайы дайындықты қажет етеді. Осыған қарап-ақ, бұл сынаманы тапсырған балаларға Ұлттық біріншілігі тест жетілдірілу болу керек деген ұсынысымыздың төркінін түсінерсіз.

Баланың бәрі спортшы болып кетпейді. Сынамалардың мақсаты да ол емес — дені сау, салауатты ұрпақ өсіру. Осы мақсатқа әрбір ата-ана, әрбір ұстаз жауапты.

Талғат НАЙЗАБЕКОВ,
С.Ысқақов атындағы құрылыс және бизнес колледжі дене тәрбиесі пәнінің жоғары санатты мұғалімі



Қазақ боксының әлем алдындағы бәсі биік. Бұл спорттың бүгінгі тынысы да ерен. Оған келтірер дәлел көп. Басқаны айтпай-ақ, 2013 жылғы Әлем чемпионы алайық.

Сб Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Былғары қолғапты баһадүр



Алматы қаласында жалауын көтерген бәсекеде қазақ жігіттері 4 алтын, 2 күміс, 2 қола медальмен жалпыкомандалық есепте көш басына шықты. Атап айтқанда, Біржан Жақыпов, Мерей Ақшалов, Данияр Елеусинов, Жәнібек Әлімханұлы алтын тағынып, чемпион атанды.

Әр кездесуде мамандардың назарын жіті аударған әуесқой бокс жұлдызы, Қазақстанның бес дүркін чемпионы, Әлем чемпионы Жәнібек Әлімханұлы 2018 жылы кәсіпқой боксқа ауысқан болатын. Солан бергі уақытта мұхиттың арғы бетінде бірнеше жекпе-жек өткізген Жәнібек олардың бәрінде қарсыласынан басым түсті.

Қазақ боксшысы жақында ғана британдық боксшы Дэниел Диггуммен АҚШ-тың Лас-Вегас қаласында жекпе-жек өткізіп, орта салмақтағы WBO тұжырымы бойынша уақытша чемпион атағын жеңіп алды. Бұл оның кәсіпқой бокстағы 12-жеңісі, оның 8-і нокаутпен аяқталды.

Жерлесіміз алдағы алты ай ішінде WBO тұжырымы бойынша толыққанды чемпион атағы үшін америкалық Деметриус Андрадемен жұлдырталасуға тиіс. Қазақ боксшысы оған әрдайым дайын екенін мәлімдеп, чемпионды жекпе-жекке шақырды. Егер Андраде Әлімханұлымен кездесуден бас тартса, толыққанды чемпиондық титул қазақ боксшысына жекпе-жексіз беріледі.

Бұған дейін Жәнібек Әлімханұлы WBA және WBO тұжырымдары бойынша бұрынғы Әлем чемпионы Хассан Ндям Нжиамды нокаутқа жіберіп, кәсіби бокстағы 11-жеңісіне қол жеткізген еді.

Жалпы алғанда, қазақ боксында мектеп бар, оған қоса мәдениет бар. Байқасаңыздар, еуропалық боксшылар жекпе-жек алдында қарсыларынағына былайтып сөздер айттып, ел назарын өзіне аударғысы келеді.

2019 жылы канадалық Спорт арт Маклеллан Әлімханұлымен жұлдырталасар алдында «Бұл қазақтың әуесқой бокста 300-ден астам жекпе-жек өткізіп, олимпиадаға қатысқанына қарамаймын, мен оның көксін танытамын» дегенді анайылап айтып жіберген еді. Бірақ, абайламай айтқанын тез түсінді, дұрысы оған Жәнібек «түсіндірді».

Жәнібек Әлімханұлы 1993 жылы Алматы облысында дүниеге келген. Әуесқой бокста 2013 жылғы Әлем және Азия біріншіліктерінде чемпион атанды. 2014 жылы Азия ойындарында жеңіс тұғырына көтерілді.

Жәнібектің біз айттып отырған жеңісі қазақ еліне шын мәнінде қуаныш алып келді. Бір ғана Жәнібектің өзі қаншама қазақ баласына рух беріп, оларды отангерлікке тәрбиелейтіні бек анық. Ендеше біз неге қуанбаймыз. Екі күннен бері әлеуметтік желілерде мыңдаған қуанышты құттықтау айтылып жатыр.

«Жарайсың, Жәнібек балам. Қазақтың күші қандай екенін

көрсеттің, әлі талай мықтыны құлатасың. Алла саған күш-қуат берсін, жаным сол. Әлі-ақ бүкіл әлемді мойындатасың», — деп жазыпты «Facebook» қолданушысы Бисен Ахметова. Біздің көкейіміздегі сөз де сой!

Бүгінде бокс жанкүйерлерінің ойынан кетпей, күннің күтіп жүрген бір мәселе — қазақстандық Головкин мен мексикалық Сауль Альварестің «трилогиясы». Өртүрлі болжам бар. Солардың бірі — жоғары ұлттық дәрежедегі төреші, белгілі спорт журналисі Несіп Жүнісбаевтың айтқаны.

«Бүгінде «Канело» Головкинді өзіне тең қарсылас деп санамайды. Генаға шама келсе, «Канеломен» шықпай-ақ қойғаны дұрыс. Головкин — талассыз талантты, күшті боксшы. Бірақ оның мұндай қарсыласпен шайқасатын кезеңі өтіп кетті. Әрине, бұл ұмтылыстың артында теңіздей толқыған ақша тұр. Бірақ ақша күндердің күнінде таусылады, ал жеңіліп қалса, ол атақ мәңгілік маңдайына жазылады. Бұл — менің Головкинді боксшы ретінде жақсы көргеннен кейін айтқаным. Головкин де Альварестің дәрежесінде өсер еді, егер боксты бастағанда оны бірден шын мықтыларға салғанда. Әсіресе, Германияда өткізген алғашқы 4-5 жылы мен сияқты көрінгенмен шайқасып, босқа кетті...» — дейді маман.

Бірнеше тұжырымдар бойынша Әлем чемпионы, кәсіпқой бокста 19 жекпе-жегі бар ресейлік Дмитрий Биволдан жеңіліп қалды. Ал, енді Головкин Биволмен кездессе қалай болады деген де ойға кеткенді. Мұндай сұраққа Бивол «Геннадиймен салмақ дәрежеміз келмейді» деп салмақты жауап берген еді. Ал, біз болсақ, түбөі қырғыз жерінен шыққан Биволдың қазақ топырағында туған Генаға іштарқаны шығар деп тоғышылады. Ал, Жәнібек ше? «Головкинмен рингте кездесер ме едің?» деген сұраққа ол: «Қазақ салтында жасы үлкенге қарсы шықпайды» деп жауап берді. Біз жоғарыда айттып өткен қазақ боксындағы мәдениет дегеніміз осы.

Ал, енді Головкин-«Канело» кездесуі бола ма, жоқ па дегенге оралсақ, нақты айта алмаймыз. «Болады деп жазыпты ғойға» да сенбейміз. «Канеллоның» промоторі Эдди Хирннің «Егер Канелло жеңсе, келесі жекпе-жегі Головкинмен болады» деген сөзі де бекер емес. «Канелло» жеңілді, енді болмайтын сияқты. Ал, жанкүйерлер үміті басым. Егер бұл кездесу өтіп, Головкин жеңсе, қазақ боксының айбары аса түсер еді.

Ал, біз бүгін Жәнібек Әлімханұлы туралы айтық. Қазақ елінің Жәнібектен күтер жеңістері әлі алда. Осы кездің өзінде-ақ Әлімханұлы мен Альварес кездесуі де болмай қалмаса деген болжам айтыла бастады. Мүмкін біз күтіп жүрген жекпе-жекті Жәнібектің қатысуымен де көріп қалуымыз ғажап емес.

Ал, қазақ батыры, ешқашан жеңіс тұғырынан түспегейсін.

МӘМС жүйесіндегі мәртебеңізді қалай білуге болады?

Қызылорда облысында 650 мыңнан астам адам «Сақтандырылған» мәртебесіне ие болса, МӘМС жүйесінен тыс — 133,5 мың тұрғын бар. Егер сіз сақтандырылған мәртебеңізді және өзіңіз үшін жарналардың түсетінін не түспейтінін білмесеңіз, оны бірнеше жолмен тексеруге болады. Сақтандырылғандар МӘМС бойынша қажетті медициналық қызметтерді қалай алуға болатынын, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры Қызылорда облысы бойынша филиалының бас сарапшысы Айгул Аханова айтып береді.

Көптеген адамдар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде медициналық көмекті қалай алуға болады деп ойлайды, өйткені МӘМС бойынша тар бейінді дәрігерлердің консультациялары, гормондарға талдаулар, КТ/МРТ және басқа да қажетті диагностикалық қызметтер қолжетімді болып келеді.

Бірінші қадам — өзіңіздің сақтандыру мәртебеңізді тексеру.

Міндетті медициналық сақтандыру жүйесіндегі мәртебеңізді бірнеше жолмен тексеруге болады:

1. Egov.kz. электрондық үкімет порталы

Ол үшін «Денсаулық сақтау» бөлімінде «Медициналық қызметтерді тұтынушы ретінде қатысу туралы және міндетті әлеуметтік меди-

налық сақтандыру жүйесінде аударалған аударымдар және (немесе) жарналар сомасы туралы ақпарат беру» қызметін табу, «Қызметке тапсырыс беру» батырмасын басу, ЖСН-ді енгізу қажет. Нәтиже 10 минут ішінде пайда болады.

2. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының fms.kz ресми сайты

«Мәртебені анықтау» қалқымады терезесі сайт бетінің он жақ бұрышында орналасқан. Осы басу және ЖСН-ді енгізу жеткілікті.

3. Goldau 24/7 мобильді қосымшасы

PlayMarket немесе AppStore-де қосымшаны жүктеп алыңыз. Мәзірде «Сақтандырылу мәртебесін тексеру» бөлімін тандап, ЖСН-ді енгізу қажет. Терезеде мәртебе және алдыңғы 12 айға төлемдердің болуы туралы ақпарат пайда болады.

4. Telegram-дағы @SaqtandyrByBot.

Ботты іске қосу үшін келесі сілтемені ашу керек: <https://t.me/SaqtandyrByBot> немесе іздеу жолына оның атын енгізіңіз, содан кейін «Сақтандыру мәртебесін анықтау» бөлімін тандаңыз, ЖСН-ді енгізіңіз. Алдыңғы 12 айдағы төлемдердің жағдайын мен бар-жоғы туралы ақпарат көрсетіледі.

Сақтандырылған мәртебеңізді бар екенін тексергеннен кейін, сіздің МӘМС тізбесі бойынша сақтандырылған азаматтарға көрсетілетін меди-

налық қызметтерді пайдалануға құқығыңыз бар. Ол үшін Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының жеткізгіші болып табылатын алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың біріне бекітілгенін тексеру керек. Бекітілмеген жағдайда, egov.kz сайты арқылы бекітілуге өтінім беріңіз.

Енді сіз өзіңіздің уәкелсіздік дәрігеріңіздің қабылдауына жазыла аласыз. Көрсетілмдер болған кезде дәрігер базалық немесе кеңейтілген талдаулар тізбесіне жолдамға жазады, қажет болған жағдайда сіздің денсаулығыңыздың жай-күйін бағалау және емдеуді тағайындау үшін диагностикалық тексеруге немесе тар бейінді маманның консультациясына жібереді. Бұл қызметтердің барлығын МӘМС аясында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры төлейді, пациент олар үшін ақы төлемейді керек.

Егер сізде медициналық көмектің сапасы мен уақытылығы туралы сұрақтар туындаса, сіз емхананың Пациенттерді қолдау және ішкі аудит қызметіне хабарласа аласыз. Егер жағдайды шешу мүмкін болмаса, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына келесі кері байланыс арналары арқылы өтініш жіберуге болады: fms.kz ресми сайты, 1406 байланыс орталығы, Goldau 24/7 мобильді қосымшасы және Telegram-дағы SaqtandyrByBot.

Бас редактордың орынбасары — 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы — 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат — 40-11-10 (1039, 1040)
экономика — 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат — 40-11-10 (1034)
жарнама — 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап — 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар — 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделмейді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.